КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2026 жылғы 26 қаңтар іс №7119-25-00-2/15127 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К. Жетібаев,
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«НҰР-Қайрат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі М.А.Оспанов
жауапкердің өкілі Б.Д.Мухамеджанов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылғы 11 қазанда «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (тапсырыс беруші) мен «НҰР-Қайрат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мердігер) арасында № 2053 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер «Құбырларды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыс» өтінім бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде орындау туралы міндеттеме алған.

Шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың құны – 31 749 294 теңгені құрайды.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 17 қазанда тапсырыс беруші жұмыстарды орындауға байланысты жауапкерге өтінім жолдайды. Алайда 2025 жылғы 16 қарашаға дейін шарт талаптары жауапкермен тиісті түрде орындалмайды.

Тараптар арасындағы шарт 2025 жылғы 19 желтоқсанда біржақты бұзылған.

Талап қоюшы шарт талаптарын тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкер сотқа қарсы пікір жолдады. Онда талап қою арызымен үзілді кесілді келіспейтінін ескерген. Жұмыс атқарылатын объектіге жауапкердің қызметкерлерін кіргізбеген, ол туралы бірнеше акт жасалынған және мемлекеттік сатып алу туралы порталға хабарлама жолданғандығын ескерген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты толық қолдап, сотқа арызда көрсетілген уәждерге ұқсас түсінік берді. Талап қоюшы шарт талаптарын орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды талап етті.

Жауапкер сот отырысында талап қою арызын мойындамай, келесіні көрсетті, осы шарт бойынша жұмыстар ішінара орындалған, алайда жұмыстарды орындау үшін тапсырыс беруші объектіге кіргізбеді. Қанағаттандырудан бас тартуын сұрайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарт талаптарын сай өнім берушілер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында аталған шарт бұзылған, алайда жауапкер бұны дауламаған.

Жауапкер қарсы пікірінде өз тарапынан кінәнің жоқтығын ескерген, алайда сот отырысында анықталғандай жауапкердің уәждері өз дәлелін таппады. Қарсы пікірге тіркелген құжаттардың ішінде объектіге кіре алмағандығы туралы бірнеше акт жасалған, алайда бұл актілерді сот негізге алмайды. Себебі акт тек бір жақты, яғни жауапкердің қызметкерлерімен ғана толытырылған, бұл актілер жайлы тапсырыс берушіге таныстырылмаған.

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 26.01.2026
Дата вступления в законную силу: 09.04.2026, судья Жетибаев Ж. К., 21.04.2026
7119-25-3-1/15286

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сотпен анықталғандай, шарт талаптары небәрі 40 пайыз атқарылған, онда аталған жұмыс шарт талаптарында көрсетілгендей тиісті түрде жүргізілмеген.

Жауапкердің бұл кінәлі әрекеті щарттың орындалуы тиісті түрде жүргізілмегендіктен тапсырыс берушіге кері әсерін тигізіп отыр.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж жауапкерлерден мемлекет пайдасына өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «НҰР-Қайрат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «НҰР-Қайрат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «НҰР-Қайрат НС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Жетібаев**

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 26.01.2026

Дата вступления в законную силу: 09.04.2026, судья Жетибаев Ж. К., 21.04.2026

7119-25-3-1/15286